

Гипноз арқылы талан-тараждану және қылмыстық заңның ұқсастығы

Жұмағали А.

Сулейман Демирел университеті, «Құқықтану» кафедрасы з.ғ.к.

2011 жылы Алматы қаласында он сегіз жасар жас қыз гипноз қолданып, ақша айырбастау пункттеріне еркін еніп, қолына заңсыз қомақты каражат түсірген. Сол сияқты, жылына гипнозға арбалып ақшасынан айырылған ондаған адамдардың арызы түседі де, айыпталушысы мен күдіктісі табылмай аяқсыз қалады. Немесе кешегі тарихымыздағы И.Сталиннің кабинетіне ешқандай рұқсат қағазсыз арбау арқылы енген Вольф Мессингті халық ұмытқа қойған жоқ. Осы арбауды қазіргі күні миссионерлер мен сектанттар да өз ісіне адамдарды көптеп тарту мақсатында шебер қолданады.

Осы айтылған гипноз деген не?

Гипноз – әлімсақтан бар құбылыс. Оның бар екендігін ғылым да жоққа шығармайды. Сөйте тұра заң шығарушының назарына іліккен емес (қылмыстық құқықта және қылмыстық процесте қолдану жолында).

Гипноз туралы шетел әдебиеттерінде XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында көптеп жазылған. Тіпті, гипноздың ғылыми қырлары туралы әңгіме Австрия мен Францияда XVIII ғ. козғала бастаған (Гримак Л. Гипноз и преступность. Москва, 1997. С.с.17-33.).

Оны былай қойғанда өз білім-тәжірибесін отыз жылдай жинақтап, ізденіп, соңында «Үш анық» атты философиялық еңбек жазған Шәкәрімнің өзі “Осы күнде сыры табылған физика жаралыс жолынан жоғары қуаттың барлығын 1738 жылы туып, 1815 жылы олген Месмер деген Германияның докторы хайуан магниті деген нәрсені тауып сонымен ауруларды емдеген. Францияда оны тексеруші комиссия шығып, хайуан магниті түбі білімсіз болса да әсер беретіні рас екен деп жар салған. Соған қарағанда магнетизм, спиритизм, теленатиялар да (Шәкәрім басқа жерде гипнотизмді де қосады-А.Ж.) бүгін түп себебі табылмай тұрған қуат екенін мойындау керек дейді”. (Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. Алматы, 1991. 16-б.). – деп ғылыми жаңалықтарға шолу жасап, өмірде орын алған бірнеше оқиғаны оларға мысал қылып өтеді.

Бұл келтірілген деректер бір қарағанда мистикалық сарында болып көрінгенімен, егер бұл құбылыстардың өмір сүруі ғылыми дәлелденсе, әңгіме арнасы объективтік шындыққа түседі. Олардың бар-жоғын дәлелдеу бұл еңбектің мақсаты емес, ол өзге нақты ғылымдардың зерттеу пәні. Тек біз өмірде болатындығы дәлелденген құбылыстармен шектелеміз.

“Гипноз кезінде жоғары ұюшылықпен бірге аналгезияға (ауыру сезінуді әлсірету не мүлде жою), каталепсияға (бұлшық еттердің икемдігі), гипермнезияға (өткен оқиғалар мен сезімдерге жадтың белсенділігін арттыру), сеанс мазмұнының амнезиясына (естен шығару – А.Ж.) постгипноздық көндігуге (оянған соң белгілі бір әрекетті жасауға бұйрық беру) қол жеткізуге болады” (Малая медицинская энциклопедия (Гл. ред. В.И.Покровский). Москва, Изд. СЭ. 1991. Т.1. С.479).

Тіпті, 1993 ж. Мәскеу қаласында өткен ұйымдасқан қылмыспен күрес проблемаларына арналған Бүкілресейлік кеңесте қылмыстық құрылымдардың гипноз механизмін игеруге ынта білдіріп отырғандығы да айтылды (Гримак Л. Көрс.еңб. 6-б.).

Енді осы жерден өзінен өзі гипноздың түсінігі туралы сұрақ сытылып шығады. Қазақ Совет Энциклопедиясы “Гипноз – адам мен жоғары сатыдағы жануарлардың ұйқы тәрізді күйі. Гипнозды шартты рефлексарқылы адамды сендіру жолымен туғызады. Гипноз өте ерте заманнан белгілі” (ҚСЭ 3-т. 312-б.), -дейді. Дегенмен, оған бір заманда жанның куәсіндей көріп, діни түсінік таңылса, кейде есуастыққа теңеді (Дюбун-Реймон), не медицинаға түк қатысы жоқ “сиқыр” деп те (Гельмгольц) көрді. Отандық юриспруденцияда оны ғылымға қарсы деп әлі мойындамай келе жатақандардың саны басым (қылмыстық процеске қолдану үшін). XIX ғ. аяғында француз ғалымы Бергейм сендіру арқылы шақырылатын ұйқы деген ұйғарымға келді. Мұны И.П.Павлов физиологиялық тұрғыдан дәлелдеді.

Әдебиеттер гипноздың ми бөлшектерінің (бәрінің емес) тежелуімен түсіндірілетінін, ол сыртқы күшті қоздырғыштардың әсерімен де, сондай-ақ әлсіз есту, тәни сезіну, қору қоздырғыштарының әсерімен де бола беретіндігін де айтады.

Демек, ол физиологтар үшін ми бөлшектерінің тежелуі болса, медиктер үшін осы тежелудің нәтижесінде адамның ұйқы тәріздес күйі. Ал сол ұйқының да бірнеше түрі бар: табиғи физиологиялық (тәуліктік, маусымдық), наркоздық, гипноздық, паталогиялық ұйқы т.б. Бұлардың әр қайсысының физиологиялық механизмдерінің өзіне тән ерекшеліктері бар.

Ал ұйқы деген ми қыртысының барлық бөлшектері тежелгенде пайда болады. Гипноз нағыз ұйқы емес, тек ұйқы тәріздес нәрсе болғандықтан да гипноз кезінде мидың белгілі бір бөлшегі тежелмей қалады. “Ми қыртысының тежелмеген бөлшектері рапорт аумағы деп аталады. Рапорт аумағы өзгеріп отырады. Гипнозшы сол аумақ арқылы сөздерінің мазмұнын өзгертіп, тежеуді ми қыртысының бір бөлігінен екінші бөлігіне ауыстыру нәтижесінде мидағы кейбір физиологиялық механизмдерді жұмысқа қосып, басқа бөліктерімен байланыс жасайды” (КСЭ. 3-т. 312-б.). Арбаушыға жауап (рапорт) беріп отыратын да осы тежелмеген аумақ. Гипноздың ұйқыдан айырмашылығы да осында. Егер тежелу процесі рапорт аумағына да таралса, адам кәдімгі ұйқы күйіне енеді.

Гипноз күшіне қарай үш сатыға бөлінеді:

1. жеңіл (маужырау);
2. орташа (ұйқыны жеңуге мүмкіндік болғанмен оған мойынның жар бермеу);
3. терең – сомнабулизм (ешқандай қоздырғыштарға жауап бермей, тек арбаушыға ғана рапорт беру).

Гипноздың қолдану механизмінің әлі күнге шейін белгісіз екендігін атакты физиологтар мен медиктердің өзі мойындайды. Мысалға, физиолог, профессор А.Д.Ноздрачевтың редакциялық етуімен шыққан екі кітаптың – Адам және жануарлар физиологиясының жалпы курсы (тарау етуімен -А.С.Батуев) атты тарауда “Гипноз механизмі белгісіз болып қалып отыр, гипноз арқылы көптеген аурулар сәтті емделіп жатса да гипноз теориясының аяқталған соңғы нұскасы әлі қалыптасқан жоқ” (Общий курс физиологии человека и животных. В 2-х книгах (Под ред. А.Д.Ноздрачева). Кн.1. Москва, ВШ. 1991. С.330.), – деп жазады. Десек те, гипноз қолдану практикасынан оның қандай әсерлермен шақырылатындығы туралы эмпирикалық білімдер бар. “Гипноздық арбау күйіне жеткізу, көбіне көп, сөзбен ұйытудың (внушение) әсерінен, әлсіз мопотондық есту қоздырғыштарының (зуммердің зыңылдауы, метрономды соғу т.б.), сондай-ақ тәни (тактильный) және қору қоздырғыштарының (теріге бірқалыпты жанасу не сипау т.б.) нәтижесінде қол жеткізеді” (Малая медицинская энциклопедия (Гл. ред. В.И.Покровский). Москва, Изд. СЭ. 1991. Т.1. С.479.).

Демек, гипноздық күйге, ең алдымен, сөзбен ұйыту арқылы қол жеткізеді. Былайша айтқанда “ақпараттық қол сұғу” жолымен. Бірақ гипноз адамға ғана емес, жоғары сатыдағы жануарларға да қолданылады. Ал оларды сөзбен (ақпаратпен) арбамайтыны екібастан түсінікті. Сол себепті дыбыс арқылы да, денеге жанасу арқылы да болуы мүмкін. Алайда, бұл сияқты әрекетте қолданылатын барлық ақпарат-дыбыстардың атасы бөлшек, ол қылмыс құралы делініп жүрген жәй ақпараттар мен дыбыстардан ірге ажыратады. Себебі, қанша жерден гипноз рефлексия заңына сүйенеді десек те, рефлексияны бүге-шігесін зерттеген физиологтар да қандай жолдармен ықпал еткенде мидың қай бөлшегі тоқтайтынын түсіндіре алмайды, оған жоғарыдағы физиологтардың өз сөздері куә. Егер де олар қылмыс құралы бола алатын жәй ақпарат-дыбыстармен бірдей, еш айырмасы жоқ болса, әсірелен айтсақ, дәл арбаушы айтқан сөздерді қайталағанда дәл сондай рефлексстер жаңғырып, тура сондай гипноз күйі қайталану керек, яғни кез келген адам қандай сөздерді айтуды және қандай дыбыстарды қолдануды үйренсе, арбаушы бола алады деген сөз. Ал гипноздық күйге түсіре алу қабілеті тек жекелеген адамдардың үлесіне тиіп отырғандығы баршаға мәлім.

Жалпы алғанда, адамның нерв системасының, темперамент, мінез т.б. факторлардың ерекшеліктеріне байланысты белгілі бір дыбыстардың ми қыртыстарына біртіндеп әсер ете алатындығы адамның өзін-өзі медитациялау практикасынан көруге болады. Бұл дыбыстар да өз “туыскандарынан” бөлекше.

Рефлексстерді ақпараттармен шақыру тек екінші сигнал қабылдау жүйесі бар адамға ғана тән болса, өзге жоғарғы сатыдағы тіршілік иелерінің шартты-шартсыз рефлексстерін шақыру тек бірінші сигнал арқылы, атап айтқанда, тәни жанасумен болады. Тәни жанасудың рефлексстерді тудыра алатыны әуелден аян, бірақ оның бәрі ми бөлшектерін тежемейді. Сондай-ақ гипноз күйіне тәни жанасусыз-ақ белгілі қашықтықта алақанмен (көру қоздырғыштарының қатысуынсыз)

және көзбен арбау та түсіретіні белгілі. Демек, алыстан алақанмен арбау (не емдеу) кезінде арбаушы мен арбалушының арасында соңғысына әсер етіп, өзгеріс әкелуші бір заттың болуы керек екендігіне қисынды ой өзінен өзі жетелейді. Бірақ оның не зат, не қуат (энергия) екендігін ашу болашақ жылдардың, бәлкім ғасырлардың үлесінде шығар. Әйтпесе себепсіз салдар болмайтыны рас болса өзгеріс те өзінен-өзі келмейді.

Көзбен арбауда да көзден энергия бөлінетіндігі медициналық ғылыми журналдарда жазылып жүр. Гипнозбен арбау арқылы Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің 16 тарауында көрсетілген барлық дерлік қылмыстарды жасауға, жасатуға, сеітсегуге, көндіруге, көмектесуге болады. Бірақ дәл қазіргі күні көзге ілініп жүргені екі түрлі сипаттағысы ғана. Біріншісі жеке адамның өмірі мен денсаулығына қарсы қылмыстар, екіншісі – меншікке қарсы қылмыстар. Қалғаны туралы дым да айтылмай жүр.

Арбау арқылы меншікке қарсы қылмыс жасауға арнайы тоқталамыз.

Ал басқа қылмыстар туралы айтудың өзі артық. Мысалға, гипнозбен арбау, коммерциялық жеке бастық, мемлекеттік, әскери құпияларды алу, арбауға түсіріп терроризм қылмысын ұйымдастыру, мемлекет немесе қоғам қайраткерлерінің өміріне қастандық жасау т.б. Олар туралы ғылыми орта түгіл, практикалық ортада, БАҚ-та мүлдем ескерілмейді. Тек былтырғы жылы Алматының ықшамаудандарының бірінде атыс арқылы жартысы қолға түсіп, қалғаны оққа ұшқан террористік топтың мүшесі оның басшысының психологиялық білімдері бар екендігін, гипнозбен арбай алатындығын айтты.

Арбау жолымен меншікке қарсы қылмыс өте жиі жасалады, бірақ ол латентті, яғни жасырын. Себебі, арбаушы ол моменттерді ұмыттырып жібереді немесе ұйқылы ояу күйінде басқа ақпараттар енгізіп тастайды. “Гипноз кезінде жоғары ұюшылықпен бірге анальгезияға (ауыру сезінуді әлсірету не мүлде жою), каталепсияға (бұлшық еттердің икемдігі), гипермнезияға (өткен оқиғалар мен сезімдерге жақтың белсенділігін арттыру), сеанс мазмұнының амнезиясына (естен шығару – А.Ж.), постгипноздық көндіруге (оянған соң белгілі бір әрекетті жасауға бұйрық беру) қол жеткізуге болады” (Малая медицинская энцикл... С.479), – деп алдыңғы мақаламызда атап өткен болатынбыз.

Кейбір адамдар айдың-күннің амаында істеген ісі мен көрген кісісін ұмытып қалады. Гипнозбен арбаушы өз «құрбанын» бірден таңдайды. Оған жәбірленушінің өзінің гипнобилділігі жәрдемдеседі.

Гипнобилділік, яғни, гипнозға шалдыққыштық, жасқа, жынысқа, денсаулыққа, интеллектінің шаршауына адамның көңілшітігі мен сенгіштігіне, нерв жүйесінің ерекшелігіне т.б. жеке қасиеттерге байланысты қасиет.

Өзінің арбауына тез шалдығатын, көргенін ұмытып қалатын, кейін полицияға хабарлауға құлықсыз тұлғаларды таңдап алғандықтан бұл қылмыстар латентті болып қала бермек.

Нақты өмірде соңғы уақытта жиі кездесетін мүлікті арбау жолымен талан-тараждауды бұтарлап талдап көрелік.

Бұған мысал ретінде нақты өмірде болған мына оқиғаны алайық: азаматша Б. Алматы қаласында егде жастағы Г.-мен (өзінің танысуы бойынша) кезігеді. Г. көрген жерден бал ашып беретінін, оның өзі Б.-ның бойындағы “қырсықты” көріп тұрғандығын түсіндіріп, оған “соңғы уақытта жолың болмай жүр екен” деген уәж айтады.

Б. оқиға барысынан ары қарай тек Г.-ның қабір басына барып, жалаңаштанып, “қырсықтап” аластау керектігін ұсынғаны, оған оның келіспегенін және содан соң кетуге бағыт алғанын айтты. Содан кейінгі өткен алтын бұйымдарын (сырға, сақина, алқа) “өз еркімен” шешіп бергендері түсінікті, бұлыңғыр күйде еміс-еміс есінде қалған. Б. “өз-өзіме үйге келген соң түстім” деп көрсеткен. Енді осы мысалды талқыға алайық.

Біріншіден, гипнозбен арбау жолымен мүлікті иелену талан-тараждың қандай формасына жатады? – деген сұрақ туындайды. Меншікке қарсы қылмыстарды заңға салу барысында оның жасалу тәсілі аса маңызды. Себебі олар бірі-бірінен тәсіліне қарап қана ажыратылады: ұрлық – жасырын, тонау – ашықтан-ашық, қарақшылық – ашық, әрі қорқытып, алаяқтық – алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен. Егер оның бірде біреуі заңда көрсетілген тәсілге сәйкес келмесе, онда аталған қылмыстар жоқ деп есептеледі. Ойткені, қылмыстық заңды ұқсастығы бойынша қолдануға тиым салынады (ҚР Конституциясы 77-б. 3-тарм. 10-тармақша, ҚК 9-бап 1-бөл.).

